



АЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№12 (74) 21 наурыз 2025 жыл

22 наурыз – Ұлыстың Ұлы күні

ЖАҢАРУ МЕН ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Міне, шығыс халықтарының байырғы мерекесі әрі жыл басы Ұлыстың Ұлы күні Наурыз төрімізден орын алды. Адамзат баласына жылулық пен құт-береке сыйлаған Наурыз-шын мәнінде жаңару мен жасампаздықтың бастауы. Өйткені, бұл-күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін айрықша мереке. Ежелден халқымыз осы күнді өзінің тұрмыс-тіршілігімен, табиғат, жер анамен байланыстырған.

Қазіргі таңда Наурыз жаңа сипатқа ие болды, ұлттың, діни сеніміне қарамастан Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мерекесіне айналды. Халықтар арасындағы достықты нығайтып, бауырластық қарым-қатынастардың артуына, әр ұлттың салт-дәстүрінің қайта жаңғыруына осы мейрам үлкен үлесін қосып отыр. Алматы облысының барлық аудандарында да Ұлы мерекесі 14- наурыз Көрісу күнінен басталып, өзінің мазмұнды жалғасын табуда. Биыл Наурыз мерекесі он күнге созылатын ерекше марафон форматында

өтеді. Әр күннің өзіндік тақырыбы мен мазмұны бар. Наурыз мерекесін атап өтуге байланысты шаралардың барлығына аудандық ардагерлер кеңесі мүшелері мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі және «Алатау жастары» қоғамдық ұйымының жергілікті филиалдары белсене атсалысуда. Өйткені, Наурыз жыл бойы өткен-кеткен ренішті кедергісіз кешіріп, ән-күймен, ойын-сауықпен жанды жадыратып, санны серпілтетін көңіл мерекесі. Ол ынтымақ-бірлік мерекесі. Бүкіл Шығыс халқына ортақ бұл мерекеді араздасқандар татуласып, дүйім халық, ел ауызбіршілікте болады. Олардың бір-біріне деген сыйластығы артып, қарым-қатынастары нығаяды. Ардақты ағайын! Елді ынтымаққа шақырып, жақсы көңіл-күй сыйлайтын Наурыз мерекесі құтты болсын! Кең байтақ Қазақстанымыздың әрбір азаматының денсаулығы мықты, ел тыныш, туған жер аман болып, әр отбасында шат көңіл, бақыт және береке салтанат құрсын!

Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы.

Қоғам

Төралқа отырысында талқыланды

Қонаев қалалық мәдениет үйінде «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Алматы облыстық филиалының Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына дайындау және оны мерекелеу жөніндегі «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты кеңейтілген төралқа отырысы болып өтті. Бұл жиынға Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төралқа мүшелері мен аудан, қала ардагерлері кеңесінің төрағалары, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымдары, «Алатау жастары» жастар ұйымының басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Іс-шараны кіріспе сөзбен ашқан Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, төралқа мүшесі Ерболат Тұрымбетов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жеңістің 80 жылдық мерекесін тойлау мәселесіне ерекше мән беріп отырғанын айта келіп, баяндама жасады.

–2025 жылдың 9 мамырында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы атап өтіледі. Бұл-халықтың ерлігін, батырлығын және бірлігін мәңгі есте қалдырған тарихи дата. Қазақстан Жеңіске өзінің баға жетпес үлесін қосты. 1,5 миллионнан астам қазақстандық майданға аттанып, олардың 603 мыңнан астамы туған жерге оралмады.

Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу идеясы елеміздің стратегиялық құжатының негізінде алынған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өту мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Алматы облысы бойынша қазіргі таңда 5 Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер бар. Олар: Қонаев қаласынан - Оксана Битебаева, Іле ауданы, Өтеген батыр кентінен - Тәңірберген Толғанбаев, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылынан - Федор Ковалев, Еңбекшіқазақ ауданы, Алға ауылынан - Солтанбай Жарықбаев, Ұйғыр ауданы, Бахар ауылынан - Алим Кебилов.

Отанға қауіп төнген қиын-қыстау күндерде қолдарына қару алып майданға аттанып, туған елі мен жерін қорғаған, қиын да сындарды сәттерде жандарына жалау еткен ерлердің есімі, ерлік үлгісі ұмытылмайды. «Ер есімі-ел есінде» деген халық даналығының шынайы шындығы, мәнді сыры осыған келіп саяды. Халқымыз елдік мұрат пен ерлік шежіресіне адалдық танытып, осы жолда өмір сапарларын ерте аяқтаған ардақты ағаларымыз бен аяулы апаларымыздың есімдері

мен еңбектерін құрмет тұтып, тағзым етіп келеді.

Біздің бүгінгі бақытты өмір сүріп, баянды ғұмыр кешуіміз ең алдымен Ұлы Жеңіс күнін жақындатып, жан алып, жан беріскен майдан даласындағы қиян-кескі ұрыстарда ер-



ліктің ерен үлгісін көрсетіп, қаза тапқан ержүрек боздақтардың арқасы екендігін ұмытпауымыз керек. Олардың өмір жолын үлгі ету, ерлік жолын бойымызға сіңіру басты парызымыз болып табылады, - деді Ерболат Сапарұлы өз баяндамасында.

Алматы облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Ерік Абитов мерекені тойлауға қатысты ұйымдастырылып жатқан іс-шараларға тоқталса, Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Айгүл Ахметова Жеңіс күніне орай 5 Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне біржолғы әлеуметтік көмекке 25,0 миллион теңге бөлініп, бүгінгі таңда төлем жасалып жатқандығын, Ұлы Отан соғысы жылдарында ұлыдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз қызметі үшін Кеңес одағының ордендері мен медальдарымен марапатталған адамдарға әлеуметтік көмекке 150,0 миллион теңге қаржы қарастырылып, сәуір айында төлем төлеу жоспарланғанын әңгімеледі. Сонымен бірге Ауған соғысының қатысушыларын қолдау мақсатында 2025 жылы санаторлық-курорттық емдеуге 495 адамға 160,3 млн.

теңге қаражат қарастырылғанын еске сала кетті.

Төралқа мүшелері, Қарасай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағат Мәсімақынов, Ұйғыр аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ербол Нұрсейітов Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шара жоспарларымен таныстырса, Алматы облыстық «Алатау жастары» ұйымының төрағасы Нұрсұлтан Орынбасаров маңызды зор мерекені лайықты қарсы алу бағытында жастар арасында жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстарының барысы жайлы баяндады.

Алматы облысы мәслихатының хатшысы Қуат Байғожаев: «Ерлікке тағзымды алдымен әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Мерекені науқаншылыққа айналдырмай оған қатысты өткізілетін барлық шараларға жастарды көптеп қатыстыру қажет. Сол арқылы олардың бойына біліммен қатар ерлік, ұлт-

тық, отаншылдық рухын ұялата аламыз.

Мәселен, жақында Орал қаласына қызмет бабымен барып, біраз тәжірибе алмасып қайттым. Ол жақта «Қаладан ауылға» деген тамаша бағдарлама қолға алыныпты. Іс жүзіне іске аса бастаған шаралар өз нәтижесін беруде екен. Яғни кезінде жұмыс іздеп, қалаға қоныс аударғандар қайтадан ауылға орала бастаған. Оларға әлеуметтік-тұрмыстық жеңілдіктер мен көмектер беріліп, тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету тетіктері іске қосылған. Біздің облысымыз да осы шараны жүзеге асыруға әбден болады деп ойлаймын. Бұған ауылдың тірегі саналатын ардагерлер қауымы атсалысқанға алыңбайтын қамал бола қоймас» деген парасатты ойымен бөлісті.

Төралқа жиыны «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» тақырыбындағы мәселені Алматы облыстық және аудан, қала филиалдары кеңесінің кезекті Пленумдарының күн тәртібіне енгізу жөнінде арнайы қаулы қабылдаумен қорытыланды.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

Ораза

Президенттің ауызашары өтті

Қонаев қаласындағы «Самұрық холл» мейрамханасында Рамазан айының құрметіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауызашары өтті.

Ігі шараға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев, Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов, Алматы облыстық Қазақстан Халық Ассамблеясы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Амангелді Беспәев, ардагерлер кеңесінің мүшелері, зиялы қауым өкілдері мен еңбек ардагерлері, облыс тұрғындары, имамдар қатысты.

Облыс басшысы жиналған қауымды қасиетті Рамазан айымен құттықтап, ізгі ниетін жеткізді.

Президентіміздің атынан барлық өңірде ауызашар ұйымдастырылып отыр. Бұл Қасым-Жомарт Кемелұлының еліміздің мәдениеті мен дініне деген құрметі деп білеміз. Баршаның ізгі ниетіңіз қабыл болсын, -дей келе Марат Елеусізұлы Мемлекет басшысының құттықтауын оқып берді.

Рухани жиында ізгілікке жетелейтін уағыздар, қазақтың өнегелі термелері мен Жарапазан айтылып, дәстүрлі әндер орындалды. Алматы облысының бас имамы Мадияр Пірімқұлов сөз сөйлеп, ұстаған ораза қабыл болуына тілектестігін білдіріп, жиналған көпшілікке Рамазан айының жақсылығы, оразаның пайдасы, ізгі амалдар мен имандылық туралы айтып өтті. Ауызашар соңында Құран оқылып, елдің амандығы, береке – бірлігі үшін дұға жасалды.

Өз тілшіміз.

Аудандық ардагерлер кеңесінде

Ұлы Жеңіске арналды

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған шахматтан Алматы облысының Ардагерлер кубогы өтуіне байланысты 10-шы наурызда аудан орталығы Шоңжы ауылында ардагер-зейнеткерлер арасында аудандық сайыс өтті.

Сайысқа 8 ардагер-зейнеткер қатысты. Сайысқа төрелікті аудандық шахмат федерациясының шебері Кадыров Тохтахун жүргізді. Жарыс нәтижесінде 1- орынға Сайдуллаев Анвар, 2 - орынға Зилавдинов Маталлим, 3 - орынға Гапаров Осман ие болды. Жұлделі орын алғандарды аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нурсейітов «Алғыс хатпен» марапаттап, жарысқа қатысушыларға ризашылығын білдірді.

Тәрбиелік маңызы зор

Қонаев қаласының орта мектеп гимназиясында «Даналық мектебі» жобасы аясында «Даналықпен өрілген өмір» атты форум болып өтті.

Форумның мақсаты-қазақ халқының даналық мұрасын насихаттау, жастарды өмірдің мәнін түсінуіне, ізгілікке, білімге, адамгершілікке баулу. Салтанатты шараны Қонаев қалалық білім беру бөлімінің басшысы Қаламқас Сәрсенбаева құттықтау сөзбен ашты. Одан ары қарай «Аталар өсиеті», «Әженің даналығы», «Әкенің қамқорлығы», «Ананың мейірімі» тақырыптары бойынша 4 алаңда тәрбиелік маңызы зор секция жұмыстарымен жалғасты.

Форумға қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы мен кеңес мүшелері, қалалық Аналар кеңесінің төрайымы Дәметкен Таласбекқызы мен кеңес мүшелері, қалалық «Ана сәулесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жанат Құлжанова мен бірлестік мүшелері қатысып, мұғалім-оқушы-ата-ана үштігінің мектептегі ілім мен тәрбие шеңберінде бірлесе жұмыс істеу, саналы ұрпақ тәрбиелеу бағытындағы салықалы ой-пікірлерін ортаға салды. Ас соңында Алматы облысының бас имамы Мадияр Пірімқұлов Құран бағыштады.

Ұлттық қолөнер насихатталды

Береке орта мектебінде 2 «Б» сыныпта «Өнегелі ана-өнерлі қыз» тақырыбында байқау өтті.

Оған Елтай ауылдық округінің «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Күлпан Төкенқызы немересімен қатысты. Күлпан ана Қазақтың ұлттық құндылығы ұршықпен жүн иіріп, немере қызы жүн түтіп, жас ата-аналарға жүннен жасалатын бұйымдар туралы түсіндірсе, Ғалия анамыз кесте тігудің, жас ана Сымбат құрақ көрпе тігуді көрсетті. Байқаудың әр бөлімінде құндылықтарға толы тақырыптардан байғазы, бата беру, мақал-мәтелдің мәнін ашу сияқты сурақ-жауап түрінде жәстараға тәлім-тәрбиесі мол әңгімелер айтылып ұрпақтар сабақтастығы жоғары деңгейде өтті.

Ардагерлер бақ сынасты

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне қарсаңында Саты ауылындағы А. Түркебаев атындағы орта мектебінде ардагерлер арасында шахмат пен тоғызқұмалақтан Жалағаш аймағы бойынша жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа 20 адам қатысты.

Жарыстың салтанатты ашылуында Кеген аудандық «Дене шынықтыруды және спортты дамыту орталығы» мекемесінің басшысы Гайдар Әріпбайұлы Мұқанқожаев сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сабыр Досымбеков, Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Көпжасар да жарыстың жоғары деңгейде өтуіне тілектестік білдіріп, бағаларын берді.

Жарыстың қорытындысы бойынша: Шахматтан (әйелдер арасында) 1-орын Баймұхамет Гүлбақыт; ал екінші орынды Рахымберді Меруерт иеленді. 3-орын Ескендір Ләззаттың үлесіне тиді. Шахматтан (ерлер арасында) 1-орынды Ыдырысов Абдіқасым алып, жеңіске жетсе, 2-орынды Оспанов Бауыржан; 3-орынды Тотыханов Бекұлан иеленді.

Тоғызқұмалақтан (ерлер арасында) 1 орынды Қыстаубаев Талғат иеленіп, жеңіске жетті. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері Аудандық дене шынықтыруды және спортты дамыту мекемесінің дипломдарымен, медальдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Өз тілшімізден.

Жыл басы

Мерекесі қарсаңында

Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайтын онкүндік мерекенің алғашқы беташары-Көрісу күнін Райымбек ауданындағы Сарыжаз ауылдық округінің тұрғындары қуанышпен қарсы алып, зор құрмет көрсетті.

Әжелер түсті сайысқа

ЗОР ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Ауылдық округке Көмірші, Ақбейіт, Сарыжаз ауылдары қарайды. Ауылы аралас, қойы қоралас үш ауылдың ежелден-ақ, іргесі ажырап көрген жоқ. Ниеттері бір, тілектері ортақ. Қандай да бір мерейлі мерекелер мен жиын-тойларда қуанышпен қауышады. Сағыныса көрісіп, амандық-саулық сұрасады. Бір-біріне құшақтарын айқара ашып, ыстық-ықыластың тиегін ағытады. Сөйтіп, береке мен бірліктің, бауырмалдық пен сыйластықтың атадан балаға жалғасып келе жатқан ерен үлгісін танытады.

Бұл күні Сарыжаз ауылдық округі алдында тігілген ою-өрнекті қазақ үйі мен ұлттық дәстүрге сай безендірілген сахнаның айналасы дүбірлі думанға толды. Аталған үш ауылдың тұрғындары осы



жерде бас қосып, Амал мерекесі-Көрісу күніне құрмет көрсетті. Ұлы күніне сай ұлттық киімдермен келген ауылдың қазыналы қарттары, ақ кимешекті әжелер мен ақ жаулықты аналар, ауыл жастары мерекенің шырайын кіргізіп, абыройын асырды. Мерекесі ауылдың қадірлі қариясы Қонысбай Рамазановтың ақ батасымен ашылды. Сарыжаз ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Ермек Жұманов, аудандық мәдениет үйінің директоры Медеет Байжұма көпшілікті айтулы мерекемен құттықтап, ізгі тілектерін арнады. Жас ақын Ершат Кәмілжанұлы жырдан шашу шашты. Жиналған көпшілік ауылдық мәдениет үйінің Алмас Қияс жетекшілік ететін өнерпаздары, ауыл жастары, ұстаздар, мекеме, ұйым қызметкерлері ұйымдастырған кең көлемді концерттік бағдарламаны тамашалады. Халқымыздың қонақжайлылығын танытатын құда күту, қонаққа құрмет көрсетіп, дәм ұсыну сияқты ұлттық дәстүрлер сахналық қойылым арқылы баяндалды. Ауылдың «Алтын алқалы әжелер» ансамблінің орындауындағы халық әндері мен жергілікті ақын-сазгерлердің төл туындылары әсем саздылығымен жұрттың көңілін баурады. Мәдениет үйі жанындағы домбырашылар ансамблі орындаған «Жастар күйі», Көмірші ауылынан келген Нұрсалқан, сарыжаздық Мақпал Жағыпарова, Раушан Сәрсенбаева сияқты күміс көмей әншілер әуелеткен әсем әуендер де тыңдарман жүрегіне жол тапты.

- Жаңа жылда бәріміз аман-есен қауыштық. Өткен жылдағы өкпе-ренішіміз болса, ұмытып, бәріміз бір болайық! Көрісу күні-кешірім күні. Бірлігіміз арта берсін! Бұл-біздің мызғымас дәстүріміз, рухани құндылығымыз! Осы дәстүрді ұлықтап, болашақ ұрпаққа жеткізейік,- деген көпшілік, осылайша Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесінің мерейін өсіріп, абыройын асырды.

Гүлбақыт САҒЫМБЕКОВА,
Сарыжаз ауылы,
Райымбек ауданы.

Жуырда Текес ауылдық мәдениет үйінде Наурыз мерекесін арқау еткен мәнді де нәрлі шара өткізілді. «Дәстүрдің балқаймағы-әжелер» деп аталатын сайыс түріндегі шараны Гүлбану Мұқаметжанова басқаратын ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздары мен Нұргүл Жұмағұлова жетекшілік ететін ауылдық аналар кеңесі ұйымдастырды.

Мерекелік шараның мақсаты – ауылдағы ақ жаулықты аналар, асыл әжелердің өнегелі өмір жолдарын, ұлттық салт-дәстүрді ардақтап, тәлім-тәрбиенің қайнар көзіне айналдырудағы көпке үлгі боларлық қасиеттерін дәріптеу, бүгінгі жас ұрпаққа насихаттау болып табылды. Сайыс түріндегі шараға ауылдың байырғы тұрғындары Бақтылы Разақова, Рая Шалақызова және Айтықан Мұқақызы сияқты ақ самайлы әжелер қатысып, өнерлерін ортаға салды. Айта кету керек, Бақтылы бір кездегі «Карл Маркс» картоп кеңшарында 40 жылдан аса есепші болып қызмет етті және кадр бөліміне басшылық жасады. Рая болса, 40 жыл бойы Текес ауылдық емханасында медбикелік қызмет атқарып, тұрғындардың денсаулығының жақсаруына өзіндік үлес қосты. Бар қажыр-қайраттарын, білім-біліктерін ауылдың өсіп-өркендеуіне, мәдениетінің артуына жұмсаған, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген, бейнетті еңбектерінің бүгінде зейнетін көріп, бір-бір үйдің берекесі мен мерекесі, алтын діңгегі, немерелерінің сүйікті әжелері атанып отырған аяулы жан-дар. Ал, Айтықан болса, атақонысына көшіп келгеніне екі-үш жылдың жүзі болған қандасымыз. Ұлттық дәстүрді берік сақтаған, анаға, әжеге тән асыл қасиеттерді, адами құндылықтарды

жүрегіне молынан сыйғыза білген абзал ана.

Сайысқа қатысушы әжелер «Сәлем-сөздің анасы», «Өнерлі өрге жүзеді», «Дәм-думан», «Сыр сандық», «Салтым-асыл қазынам» атты бес кезең бойынша шеберлік байқасты. Сайысқа ауыл әкімдігі, кәсіпкерлер, қоғамдық ұйымдар тарапынан тағайындалған қазылар алқасы төрелік жасады. Бірінші тапсырма бойынша үміткерлер қалың қауымға өздерін жандарынан құраған өлеңдерімен таныстырды. Екінші кезеңде көрермендер әжелердің ғана емес, немерелерінің де ән салып, би билеген, ақындардың өлеңдерін мәнермен, шырайын кіргізе оқыған өнерлерін тамашалады. Әжелер үшінші кезеңде құрақ құрау, қыз жасауы, ою-өрнекті алаша-сырмақ, көрпешелер, басқа өз қолдарынан шыққан ұлттық қолөнер бұйымдары мен балды бармақтарымен дайындаған ұлттық тағамдарын көпшіліктің назарына ұсынды. Төртінші кезеңде мақал-мәтелдер, даналыққа толы қанатты сөздер бойынша қойылған сұрақтарға жауаптар беріп, білім-біліктерін танытты. Ұлттық салт-дәстүрді насихаттауға арналған бесінші кезеңде «Тоқым қағар», «Жаңа қонысқа құтты болсын айту», «Тұсау кесу» сияқты ежелден жалғасып, бүгінге жеткен асыл қазыналарды шағын қойылымдар арқылы көрсетті. Әрқайсысының мәні мен мағынасын, тәлім-тәрбиелік маңызын жан-жақты түсіндірді. Бес кезең бойынша сайысқа түскен әжелер ұлттық дәстүрді насихаттауға арналған шараға барынша дайындықпен кел-



гендіктерін жан-жақты көрсете білді. Үміткерлердің ұлттық киімі, сахна мәдениеті, сөйлеу мәнері, сайыстың ұлттық дәстүрге тән басқа да талаптары айрықша назарға алынды.

Қорытынды бойынша әділ қазылардың бағалауымен сайыстың барлық талаптарын өнегелі өнер өрнегі арқылы орындаған Рая Шалақызова жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды Бақтылы Разақова иеленсе, Айтықан Мұқақызы үшінші орынға табан тіреді. Әжелерге ауылдық округ тарапынан Алғыс хаттар, Бейбіткүл Жылгелдиева сынды кәсіпкердің, қоғамдық ұйымдардың де-меушілігімен тағайындалған заттай сыйлықтар тапсырылды. Шараның мақсаты мен түпкі нәтижесі туралы аудандық аналар кеңесінің төрағасы Балжан Омарова, Қазпоштаның ауылдық бөлімінің меңгерушісі Бағдагүл Мұқанова, ауыл әкімдігінің қызметкері Ерлан Айсақалов ой-пікірлерін білдіріп, әжелерге аталған шараға шынайы ықылас танытқандары үшін алғыстарын айтты. Жиналған қауымды Ұлыстың Ұлы күні Өз Наурыз мерекесімен құттықтап, береке-молшылық, татулық-бірлік, денсаулық, ғибратты ғұмыр тіледі. Мәдиар Сүйіндік, Айбек Уәлихан сынды өнерпаздар әуелете ән шырқап, көңілдерге көрік берді.

Гүлбақыт САҒЫМБЕКОВА,
Текес ауылы,
Райымбек ауданы.



Мерекенің онкүндігі

ШАҢҒЫРАҚ ШАТТЫҒЫ

Наурыз мерекесін тойлаудың жаңа форматына сәйкес, «Наурызнаманың» онкүндігі аясында 17 наурыз-Шаңырақ күні болып бекітілген болатын. Бұл күн жарасымды жанұялардың береке-бірлігін насихаттау арқылы отбасы құндылықтарын кең көлемде дәріптеуде айрықша маңызға ие.

Қазақта қара шаңырақ киелі ұғым болғандықтан, халқымыз шаңырақты әрдайым қастерлеп өткен. Себебі, осы шаңырақ арқылы ұлтымыздың тамыры тереңге жайылып, ынтымағымыз берік сақталды.

17 наурызда аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен Жастар ресурстық орталығында «Шаңырақ» күні мерекесіне орай «Шаңырақ-бүкіл қазақ елі үшін тіршіліктің, шексіз өмірдің нысаны» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Айтулы шараға ақ жаулықты аналар мен ақ сақалды аталар, мектеп

оқушылары мен кітапхана қызметкерлері қатысып, ұлттық нақыштағы игілікті іс-шараның куәсі болды.

Мақсаты отбасының берекесі мен жарасымдылығын атап өтуге арналған шара арқылы ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және отбасылық дәстүрлерді сақтауға шақыру. Ұлттық мұраларымызды әспеттей отырып, жас ұрпақтың көңіліне ой салып, жүрегіне қазақты рен беру.

Іс-шара дәстүрлі әнші, Өжек Жаңабаев



атындағы орта мектептің музыка пәнінің мұғалімі Ләззат Әбдіқадірқызының жетекшілік ететін «Ақжелен» жас күйшілер ансамбілінің орындауындағы халық күйі «Кеңес» және Құманғазының күйі «Балбырауын» күйімен басталды.

Аудандық кітапхананың абонемент бөлімінің меңгерушісі Жібек Молдасанова «Шаңырақ-бүкіл қазақ елі үшін тіршіліктің, шексіз өмірдің нысаны» тақырыбында баяндамасын оқып, мерекенің маңыздылығына тоқталып өтті. Библиограф Жаңылай Дәулетбай қатысушыларға мерекенің құрметіне жасакталған кітап көрмесімен және шаңырақ туралы арнайы слайдпен таныстырды.

Құттықтау сөз алғандар аудандық аналар кеңесінің төрағасы, «Белсенді ұзақ өмір орталығының» кеңесшісі Бақытгүл Көнеева, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Көпжасар, кітапханашы Зинагүл

Күнесбай, Жастар ресурстық орталығының психолог-маманы Гүлназ Толонқызы қазіргі қазақ отбасы мен шаңырақ ұғымы туралы өз ойларымен бөлісті.

Аталған іс-шара да Сержант Жетпісбай, Арғынбай Шілікбаевтар айтулы мерекесі отбасы мен ұрпақ сабақтастығының, ата-аналардың балаларға деген жауапкершілігінің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беретіндігін тілге тиек етіп, көпшілікке «Наурыз баталарын» берді.

Отбасының ұйытқысы болып табылатын шаңырақты сақтау мен оны дәріптеуге бағытталған маңызды шара осылайша дәріптеліп, көпшілік отбасындағы шаңырақ шаттығы ортаймасын деген тілекпен тарқасты.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ,
Кеген ауданы.



Балалар шығармашылық орталығында

Домбырамен ғасыр сырын ұқтырған

Қонаев қаласының Балалар шығармашылық орталығында Бекбосынова Гүлсім Қыдырбайқызының «Домбыра сазы - жүрек үні» атты жылдық есеп беру кеші болып өтті. Кеш шымылдығы облыстық байқаудың лауреаты Альбина Қазақбайқызы мен Дінмұхамед Сатыбалдының орындауындағы С.Шабельский мен Л. Шаргородскийдің «Тойбастар» шығармасымен ашылды.

Қазақтың кара домбырасымен өнер мектебіне келгеніне бір-ақ жыл болған орыс қызы Тайся Пузырева «Светит месяц» әнін домбыра шанағында күмбірлете тартып, кеш сәнін келтіре түсті. «Балкадиша» әнін тебірене орындаған Жұмабай Әлидің ішкі сезімі жүрегімізді елжіретіп, еріксіз көз жасымыздың қалай шыққанын байқамай да қалдық. Дәстүрлі әншілер «Самға» тобының орындауындағы халық әні, облыстық байқаудың лауреаты Атығай Алиханнның «Шалқыма», облыстық байқаудың лауреаты атағына ие болған «Серпін» домбырашылар ансамблі, қазақтың «Қара жорға» биін билеп, ән айтып, кешке келген қонақтардың көңіл-күйін сергітіп, өнерлерімен тәнті еткен өнер мектебінің өрендері өз жетістіктерін өнерсүйер қауымның алдында тағы да бір мәрте паш етті.

Әр адамның өзінің бойына ерекше біткен табиғи талант-дарыны болады. Соның бірі – өнер. Осы өнер арқылы өмірдің кең тынысы, тіршілік құбылыстары, адамның әр түрлі сезімі бейнеленеді. Әрбір адамның табиғат сыйлаған дарыны болады. Міне, сондай өнерлі, дарынды ұстаз Гүлсім Қыдырбайқызы есеп бере отырып, шәкірттерін өнер-білімге баулумен бірге олардың өмірден өз орындарын табуға, шығармашылық жолда қалыптасуына ықпал еткендігін байқатты.

Кеш соңында Гүлсім Қыдырбайқызымен әңгімелесудің сәті түскен еді.

- Сіздің өнер жолына келуіңізге кім себепкер болды?

- Жалпы, мен өнерді өмірлеріне серік еткен отбасында тәрбиелендім. Әкем Семей облысының Абай ауданына белгілі күйші болса,



анам жезтаңдай әнші болды. Оларсыз күндызды ауылында той-томалақ өтпейтін. Негізінде өнерге деген құштарлығымды оятқан анам болды. Ағам Серікболсын Қыдырбайұлы ақын Шәкер Әбеновтың шәкірті ретінде халыққа кеңінен танылды. Оны Қонаев қаласының халқы жақсы таниды. Көп жылдар қалалық мәдениет үйінің директоры болып жұмыс істеді. Бала кезден әнші болсам деген арнамыма жете алмасам да, тағдыр талантыма ұстаздық жол бұйырды. Шәкірт тәрбиелеп, оның жеткен жетістігімен бөлісуден асқан бақыт болмайтындығын мен кейінірек түсіндім.

- Музыкалық білім алу үшін қайда оқыдыңыз?

- Өзіңізге айтқандай әнші болу балалық арман болып қалды. Бойымдағы бар өнердің отын өшіріп алмау үшін Петр Чайковский атындағы Алматы музыка колледжіне оқуға түсіп, оны бітірген соң білімімді көтеру үшін

Қазақ ұлттық қыздар университетінде жалғастырдым. 37 жылдан бері өз мамандығым бойынша қызмет атқарып келемін. Мамандығым - ансамбль әртісі, оқытушы. Еңбегім елеусіз қалған жоқ. «Педагогика саласының үздік қызметкері» және «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегерімін.

- Шәкірттеріңізге тек домбыра тартуды үйретесіз бе?

- 1994 жылдан бастап домбыра сыныбынан бөлек, дәстүрлі ән сабағынан да дәріс беріп келемін. Қазір жастардың қазақтың әніне деген сүйіспеншілігі, қызығушылығы жоғары. Сондықтан болар, дәріс аламын деуші жастардың легі біршама. Дәстүрлі әндерді орындаушылар халық әндерімен қоса классикалық әндерді де шебер орындап жүр. Жоғарғы сынып оқушыларынан құрылған «Серпін» домбырашылар ансамблі бірнеше байқау-фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Соның бірі П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжде өткен байқауда Гран-при жүлдесіне ие болуының өзі олардың шығар биігі әлі алда екендігін байқатқандай.



- Балалар шығармашылық орталығы өрендері шет елдерге шығып, түрлі байқауларға қатысып жүргендіктерінен хабардармыз. Қандай жүздемен оралған кездеріңіз болды?

- Шетел байқауларына қатысу ең алдымен үлкен дайындықты талап етеді. Десе де ұйымдастырылып жүрген фестивальдардан тыс қалмауға тырысамыз. Үлкен сахнада өнер көрсету біріншіден, шәкірттеріміздің өз-өзіне деген сеніміне қанат бітirse, екіншіден барған жерлерінен кәдімгідей тәжірибе жинақтап қайтады.

2015 жылы Алматы облыстық «Жас музыканттар» фестивалінде Алихан Атығай мен Альбина Қазақбайқызы 2-ші орын, 2021 жылы «Almaty Music Festival» халықаралық фестиваль байқауында Альбина Қазақбайқызы топ жарып 1-ші орынды иеленді. 2024 жылы Самарқанд қаласында өткен «ART

SILK WAY» Халықаралық байқауының Гран-при жүлдесін Нүсіпқан Жантөре жеңіп алды. Түркия, Польша, Чехия мемлекеттеріне барып, олжалы болып оралғанымыз бар.

- Ұстаз бақыты - шәкіртінің жетістігін көру. Оның әрдайым табысына сүйсініп, ақжол тілеп отыру ғой. Сіз зейнет жасына толдыңыз. Алдыңызға қандай мақсат қойып отырсыз?

-Иә, биыл зейнет жасқа толдым. Әрі қарай да, күш-қуатымның барында қызмет студент шаршамаймын. Шәкірттеріміздің бойларына қасиетті кара домбыраның ғажап үні мен тылсым сырын жеткізуде әлі де қажымай-талмай еңбек етіп, жемісін, жеңісін, жетістіктерін көрсем деймін. Талай дарынды, талантты тұлғалар менің сыныбымды тәмамдаған шәкірттеріміздің біреуі қазіргі таңда өзіммен бірге домбыра аспабында дәріс беріп, менен алған білімін шыңдап республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, өздері шәкірт тәрбиелеп жүр. Шәкірттеріммен мақтанатын жайым бар. Соның бірі Арман Жүдебаев Жүргенов атындағы өнер академиясының ректоры, Сырым Шонбаев «Отырар сазы» этно-фольклорлық оркестрінде орындаушы, домбырашы және А. Жұбанов атындағы дарынды балалар мектебінде ұстаздық қызметін атқарып жүр. Нұрсұлтан Сәрсенбаев Құрманғазы атындағы қазақ-ұлттық консерваториясының, ал Жанерке Ахтай П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінде домбыра

сыныбының 3 курс студенті.

Бұл да-кешегі еткен еңбегімнің бір өтеуі. Шәкіртіңіз өз қатарластарынан озып, топ жарып жатқанын көргенде көңіліңіз марқайып, мерейіңіз тасып қалатын кездері бар. Ұстаз еңбегі де шәкіртінің шыққан биігі, асқан асуымен бағаланады ғой. Ондай кездері тәубе деймін..

- Гүлсім Қыдырбайқызы сыр-сұқбатыңызға көп рахмет! Бауыржан Момишұлы айтқандай, «Өнер адамның рухани азығы, ол-халықтың бүгіні мен келешегі, арманы мен қиялы, жалпы болмысы». Шәкірттеріңіздің бойларына өнер деген күдіретті де киелі әлемнің рухани бұлағын молынан сіңіре беруіңізге тілектеспін. Шығармашылығыңызға шалқар табыс тілеймін.

Назгүл НҮРСЕЙІТ.
Қонаев қаласы.



Мұрағат құжаттары

Өткен жолдың орнегі

(Мұрат Мырзағұлұлы Мұқановтың туғанына 85 жыл)

Мұрат Мырзағұлұлы Мұқанов Ақтөбе облысының Ключевой ауданы Алға ауылында 1940 жылдың 8-наурызында дүниеге келді. 1964 жылы Ақтөбе облысы Қандыағаш станциясындағы № 48 орта мектебін бітірді. 1968 жылы М.С.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) журналистика мамандығын үздік бітіріп, еңбек жолын Алматы облыстық «Жетісу» газетінде бастап, Қазақ радиосында журналистік кәсібін жалғастырды. 1969 жылы «Эфирде Қазақстан» атты баспа бағдарламасына редактор болып жұмыс істеді. 1971 жылдан бастап КСРО және Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі болған

М.Мұқанов Қазақ радиосында 30 жылдан астам қызмет атқарды.

Мұрат Мұқановтың 150-ден аса кино мен спектакльдерге жазған рецензиялары, сыни мақалалары республикалық баспасөздерге жиі жарияланып отырды. 1980-1999 жылдар аралығында «Тағдыр тоғысы» атты роман, «Күйік» повесі, «Үміт пен күдік» әңгіме-романы, «Ғарыш шежіресі» Байқоңырдан басталады» («Байқоңыр» ғарыш айлағы туралы қазақ тілінде жарияланған тұңғыш шығарма) атты повестері көпшіліктің көңілінен шыққан



шығармалардың бірі болды. «Парасат», «Заң газеті», «Ақбосаға», «Алматы ақшамы», «Жетісу» және басқа да мерзімдік басылымдардан журналистің қазақ-орыс тілдерінде жазған шығармаларын көруге болады. Мұрат Мұқанов «Байқоңыр» ғарыш айлағының құрылысына да атсалысты. Сонымен қатар ғарышқа байланысты мақалалар тізбегі республикалық газеттердің барлығында дерлік жарық көріп отырды. Журналист тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровпен, ғарыш қаһарманы Талғат Мұсабаевпен жиі-жиі жүздесіп, фотосуреттерге түсіп, осы бір ғарыштың өзіндей тұңғыш тақырыпта мақалалар жариялап отырды.

Мұрат Мұқанов аталған еңбегі үшін «Байқоңыр әскери құрылысына 35 жыл», (1986ж) «Стоитель Байқоңура» (1990 ж) медальдарымен, «Ветерану космодрома Байқоңур» (1991ж) құттықтау қағазымен марапатталды.

Әр радиостанцияның өз тыңдарманы бар, оның пішіні де сол, тыңдарманды қызықтыруға, өзіне тартуға бағытталған. Талантты ра-

диожурналист тілге тиек етпеген тақырыптар жоқ десек те болады. Оның түрлі тақырыптарды қамтитын, естіген құлақты еліртпей қоймайтын радиоочерктері қаншама?! Атап айтсақ, ауыл өмірі туралы, шопандар, білім, теміржолшылар және тағы басқа да тақырыптар.

Мұрат Мұқанов жұбайы Раиса екеуі-4 бала тәрбиелеп өсірген бақытты ата-ана. Ұлдары Сержан, Нұржан, Нұрлан және қызы Айгүл-отбасындағы тәрбие мен өнегені бойына сіңірген, қазіргі кезде өмірден өз орнын тапқан жандар.

2015 жылы Мұрат Мұқановтың құжаттарын жұбайы Раиса Алматы облысының мемлекеттік архивіне, болашақ игілігі үшін сый ретінде тапсырды.

Қазіргі таңда №2305 қор иесі Мұрат Мырзағұлұлы Мұқановтың 1942-2011 жылдар аралығын қамтитын 180 бірліктен тұратын ісі сақталуда.

Ж.БІРГЕБАЕВА,
«Ведомстволық архивтермен жұмыс жасау және жинақтау бөлімінің» архивісі.

К 80-летию Победы

ВЕРНОСТЬ ЛЮБИМОЙ ИГРЕ

ПОКАЗАЛИ НА ДНЯХ ВЕТЕРАНЫ-ШАХМАТИСТЫ ОБЛАСТИ В ГОРОДЕ ЕСИК

Уточним, что данное соревнование на Кубок ветеранов Алматинской области «Великая Отечественная война» было приурочено к предстоящему празднованию 80-летия со дня ее окончания.

Все приехавшие в Есик аксакалы были почтенного возраста: от самых «молодых», 63-летних, до 70 и выше! Были даже участники (о них расскажем позже), которым было за 80 и даже 90 лет!

Еще один рекорд, установленный в этот день, это количество прибывших участников – 114 человек! Алматинская область оказалась в лидерах по всей республике! Широко представлена география шахматистов: города Қонаев, Алатау, Енбекшиказахский, Жамбылский, Карасайский, Илийский, Талгарский, Кегенский, Уйгурский, Райымбекский и Балхашский районы.

В назначенное время к Дому культуры имени Туманбая Молдағалиева города Есик съехались аксакалы-любители шахмат.

Перед собравшейся в актовом зале аудитории первым выступил секретарь областного маслихата Куат Байғоджаев. Он, в частности, сказал: «Уважаемые участники турнира, любители спорта и шахмат, глубоко символично, что мы встречаемся с вами в такое прекрасное время, как Ораза, праздник Наурыз. Пусть у всех, кто

Уже на выезде команд из районов Алматинской области в город Есик участники турнира обсуждали данное событие. Завсегдатаи спортивных праздников особо подчеркивали: «Запомните! Это исторический момент! Отдельный турнир по шахматам для ветеранов, одновременно по всей стране, на нашей памяти что-то не припомним!»



ветеранов для молодежи и пропаганда прекрасной, интеллектуальной игры.

Председатель Алматинского областного филиала РОО «Организация ветеранов» Ерболат Турумбетов в своей краткой речи подчеркнул: «На недавно прошедшем курултае в Борабае наш президент Касым-Жомарт Токаев еще раз

акима Енбекшиказахского района Ерболат Саррабеков.

После исполнения гимна Казахстана, слово дали главному судье Виктору Панову. Турнир проходил по правилам ФИДЕ, по швейцарской системе, классификации РАПИД 10 + 5, (или быстрые шахматы). То есть, 10 минут дается на игру и 5 секунд на ход. Длились они, с перерывом на обед, до самого вечера.

Места распределились следующим образом: среди мужчин 1-е место, (золотую медаль и денежную премию) получил Темирхан Бозимов из Карасайского района; второе место, (серебряная медаль с денежной премией) было присуждено Владимиру Беломоину; третье место, (с бронзовой медалью и премией) досталось Асылхану Касымову из Карасайского района.

Среди женщин победители следующие: «Золото» - у Алмы Кушербаевы из Талгарского района; «Серебро» - у Кулсун Мусаевой из Кегенского района; «Бронза» - у Мейрамгуль Нурышевой из Карасайского района. К слову, Алма Кушербаева имеет рейтинг ФИДЕ.

В командном зачете: первое место у Карасайского района, второе и третье места заняли, соответственно, талгарцы и жамбылцы. С чем всех и поздравляем!

Как отметил председатель комиссии по работе с районами от Алматинского областного филиала Казахской Федерации шахмат Амандулла Абдимуратов, борьба была бескомпромиссной и победителей определяли не то, что минуты - секунды!

Ну, и, под занавес, вишенка на торт! Ахат Солтанкулов на церемонии награждения от команды Талгарского района вручил чапан участнику турнира, (о котором мы говорили выше), – 82-летнему Турусбеку Нурғалиеву, набравшему, к слову, 6 очков и вошедшему в



держит пост, в ваших домах будет спокойствие, достаток, а над нашей страной всегда будет мирное небо. Приближается знаменательное событие в жизни нашего народа – 80-летие Победы в Великой Отечественной войне. В этой битве участвовало 1,5 миллиона казахстанцев, из которых не вернулись с полей сражений 60 процентов солдат и офицеров. Это большая трагедия нашего народа, не заживающая с годами рана, и важно помнить о ней, ценить мир на родной земле. Эта трагедия войны, практически, коснулась каждой советской семьи. В послевоенное время все мы трудились на благо страны, поднимая экономику, истощенную кровопролитной войной, год от года повышая благосостояние граждан республики. В нынешнее время наш президент Касым-Жомарт Токаев, в рамках разработанной концепции, улучшения качества жизни, стремления к построению образованной, интеллектуальной нации, отметил важность включения в жизнь общества спорта и здорового образа жизни. Правительством утвержден Комплексный план развития шахмат до 2027 года, направленный на популяризацию шахмат среди детей и взрослых. Очень приятно видеть присутствующих в этом зале ветеранов, с юношеских или зрелых лет преданных этой великолепной, древней игре, раскрывающей аналитические, умственные способности человека.

В прошлом году, при поддержке председателя Сената Парламента РК Маулена Ашимбаева впервые прошел республиканский турнир на кубок SENAT OPEN-2024, посвященный 30-летию маслихатов Казахстана, и в целях популяризации и развития шахмат в регионах республики. Данный турнир объединил более 2 тысяч человек со всех областей и городов, включая депутатов маслихатов, представителей общественности и СМИ. В финале в Астане была также представлена команда Алматинской области, (в числе которой были и наши ветераны), завоевавшая малый Кубок. В этом году Казахстанская федерация шахмат и Сенат Парламента РК продолжают хорошее начинание и отборочный тур II Открытого кубка «Senat Open-2025» уже стартовал.

Секретарь областного маслихата К.Байғоджаев пожелал всем продуктивной игры, заметив, что не все станут чемпионами, но главное на этих соревнованиях - встречи, общение, положительные эмоции. А также личный пример

обратил внимание на важность культивирования в обществе национальных традиций, духовности, ответственности, патриотизма, развития «человеческого капитала» и правильного воспитания подрастающего поколения, интереса к его досугу и интересам. Важным моментом в этом могут стать игры в шахматы, шашки как альтернатива интернету, социальным сетям, буквально захватившим все население и ставшим «воспитателем» молодежи.

Также в Алматинской области при поддержке акима области Марата Елеусизова повсеместно открываются «Центры активного долголетия», где любой пенсионер может найти занятие по душе. Будь то скандинавская ходьба, вокал, танцы, йога, шахматы, тогыз кумалак, компьютерная грамотность, изучение языков и т.д. Поэтому важно выходить из



своих домов, квартир, отрываться от диванов и телевизоров, чтобы наши ветераны побольше общались, дружили, находили совместные увлечения. Это и есть активное долголетие к чему мы всех вас призываем».

Ерболат Сапарович рассказал, как в Японии вот уже почти 100 лет и молодежь, и старики практикуют обязательные утренние зарядки в городских парках под музыку. И не случайно эта страна является мировым рекордсменом средней продолжительности жизни и по числу долгожителей.

Добавим от себя, что в Японии проживает более 90 тысяч 100-летних японцев, а средняя продолжительность жизни составляет 84 года. В нашей стране, продолжительность жизни в которой достигла 74 года, есть куда расти и к чему стремиться.

На открытии также выступил заместитель

первую двадцатку списка игроков (11 место).

На 41 месте (с 5 очками) оказался самый возрастной ветеран шахмат Сергей Андреевич Сусол из Ебкшиказахского района. Ему, не поверите, 91 год! Вся его сознательная жизнь связана с шахматами, он мастер спорта СССР. Сетовал, «что сыграл на этот раз из-за болезни, плоховато, мог был лучше!» Интереснейшая скажу вам, личность, с кем надо обязательно встретиться, что мы сделаем в самое ближайшее время (читайте газету «Алатау Ардагері!»).

Так что, вот какие у нас brave ветераны-аксакалы! Что и подтверждает истину: играя в шахматы, даже в старости, вы сохраните ясность ума и прекрасную реакцию! Как говорится, что наша жизнь - игра! Играйте, друзья!

Рамазан Елешев,
г. Есик

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБИ

Мемлекеттік қызметшінің әдебі – бұл белгілі бір қоғамға жататын, жалпыға бірдей мораль нормалары болып табылатын неғұрлым саналы және нақтыланған жиынтығы болып табылады және мемлекеттік қызмет қатынастарындағы, мінез-құлық нормаларының рәсімдер мен ережелердің, қатынастар мен принциптердің жүйесі.

Мемлекеттік қызметшілерге келесі талаптар қойылады:

Ол ең алдымен қарапайымдылық пен адалдық, жалған ақпаратты таратпау; мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру; заңда белгіленген шектеулерді сақтауға, мүдделер қақтығысын болдырмау; әдептілік, мәдениеттілік, азаматтармен дұрыс-қарым қатынас орнату; іскерлік этикет пен қызметтік мінез-құлық ережелерін сақтау; қызметтік міндеттерді орындауға байланысты заңсыз уәделер бермеу және кез келген сипаттағы заңсыз міндеттемелерді алмау; өзінің қызмет бабын жеке басы үшін пайдаланбау; мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлікті тек мақсаты бойынша, қызметтік міндеттерін орындау және рұқсат етілген қызмет үшін пайдалану; қызметтік міндеттерін адал орындауға кедергі келтіретін заңсыз қаржылық және мүліктік мүдделерді көздемеу.

Қызметтік әдеп стандарттарын сақтау мемлекеттік қызметшінің күнделікті қызметінің ажырама бөлігі болып табылады. Бұл, шын мәнінде, оның өмір салты, ол жоғары моральдық принциптерге сәйкес келуге бағытталуы керек.

САНИТАРЛЫҚ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫ

Санитариялық-қорғау аймағы (бұдан әрі – СҚА) - елді мекендегі арнайы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ өнеркәсіптік ұйымдарды және басқа да өндірістік, коммуналдық және қойма объектілерін оларға қолайсыз факторлардың әсерін әлсірету мақсатында жақын маңдағы қоныстану аумақтарынан, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстардан бөлетін аумақ.

Жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындардың санитарлық қорғау аумағына қойылатын санитарлық талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен бекітілген «Адамның мекендеу ортасына және денсаулығына әсер ету объектілерінің санитариялық-қорғау аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес, онда Қағидаларда объектілердің қауіптілік сыныбына байланысты объектілердің СҚА ең аз мөлшері көзделген, келесі шектерде: қауіптіліктің I сынып объектілері 1000 метрден (бұдан әрі – м) және одан жоғары; қауіптіліктің II сынып объектілері 500 м-ден 999 м-ге дейін; қауіптіліктің III сынып объектілері 300 м-ден 499 м-ге дейін; қауіптіліктің IV сынып объектілері 100 м-ден 299 м-ге дейін; қауіптіліктің V сынып объектілері 50 м-ден 99 м-ге дейін.

СҚА жобалауды, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын (қала құрылысы құжаттамасын, жұмыс істеп тұрған объектінің және (немесе) аумақтық өнеркәсіптік кешенге (өнеркәсіптік торапқа) біріктірілген объектілер тобын салу, реконструкциялау немесе техникалық қайта жарақтандыру жобаларын) әзірлеудің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. СҚА жобалауды осы Санитариялық қағидаларда жазылған талаптарға сәйкес тиісті объектілердің шаруашылық жүргізуші субъектісімен жүзеге асырылады.

СУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ

Су туралы не білеміз және үйіміздің суқұбырдың шүмегінен қандай су ағады? Оның құрамында қандай заттар бар? Шүнге қаншалықты қауіпсіз? Судың сапасын кім бақылайды?

Адамның денсаулығы көп жағдайда оның ішу және тамақ дайындау үшін пайдаланатын суының сапасына байланысты. Судың сыртқы түріне немесе иісіне қарап оның қаншалықты зиянсыз екенін және оны ішуге болатынын білу әрқашан мүмкін емес. Оның химиялық құрамын, дәлірек айтқанда, құрамындағы қоспалардың құрамын білу қажет. Жаңа ұңғыманы немесе ұңғыманы пайдаланбас бұрын судың мемлекеттік сапа стандарттарына сәйкестігін талдау қажет.

Судың сапасын бағалау суды пайдалану түрінен қарап жүргізіледі. Тәжірибелік көзқарастан, оларға қойылатын жеке талаптарына сәйкес, суды пайдаланудың келесі түрлерін ажыратады: орталықтанған сумен қамтамасыздандырудағы ауыз суы үшін, орталықтанбаған (жергілікті) сумен қамтамасыздандырудағы (құдықтардың, бұлақтардың) ауыз суы үшін. Тұрғындардың шаруашылық-ауыз су қажетіне пайдаланылатын су келесі гигиеналық талаптарға сәйкес келуі қажет: 1. Органолептикалық қасиеттері жағымды, мөлдір, түссіз болуы және суға тән емес ешқандай бөгде дәм мен иістің болмауы; 2. Адам ағзасына зиянды әсерлерді беру қабілеті бар тұздар мен ұяғты заттардың шамадан артық мөлшерде болмауы; 3. Патогенді қоздырғыштардың, гельминттердің жұмыртқалары және личинкаларының болмауы.

Орталықтанған сумен қамтамасыздандыру жүйесіндегі ауыз судың сапасына қойылатын талаптар санитарлық ережелер нормативті құжатта берілген. Осы стандартқа сәйкес ауыз су эпидемиологиялық және радиациялық тұрғыдан қауіпсіз, химиялық құрамы бойынша зиянсыз және жағымды органикалық қасиеттері болуы керек.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»